

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

«Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесі



Бекітемін

Атқарушы директор

Л.Ж.Утарбаева

«30» желтоқсан 2022 жыл

**«ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»
МЕКЕМЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

Орал қаласы, 2022 жыл

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	3
1	«Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесінің жалпы сипаттамасы.....	4
2	Кадрлық құрамға талдау	8
3	Білім алушылар контингенті.....	29
4	Оқу-әдістемелік жұмыс.....	38
5	Оқу материалдық активтер.....	63
6	Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.....	65
7	Білім алушылардың білімін бағалау.....	71
8	Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.....	78
9	Қорытынды.....	78

ҚОСЫМШАЛАР

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалауға арналған өлшемшарттар (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 3-қосымшасы)

Бағалау парағы (білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасы)

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 15-қосымша

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 16-қосымша

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 17-қосымша

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға 18-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау аясында сауалнамаға қатысушы «Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесі оқытушыларының тізімі

Мемлекеттік аттестаттау аясында сауалнамаға қатысушы «Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесі колледж бітіруші соңғы курс студенттерінің тізімі

Мемлекеттік аттестаттау аясында сауалнамаға қатысушы «Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесі жұмыс берушілерінің тізімі

КІРІСПЕ

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын аттестаттау кестесіне сәйкес колледжде мемлекеттік аттестаттау алдында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: колледжде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау және ресурстарды тиімді ұйымдастыру үшін объективті талдау және өзіндік бағалау.

Міндеттері:

- колледждің білім беру бағдарламаларының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жүзеге асырылуына талдау жасау;
- колледжде оқу, әдістемелік жұмыстардың жай-күйін, кадрлық , материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорына талдау жасау;
- колледжді мемлекеттік аттестаттауға дайындау.

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына, «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 09 қарашадағы №329 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Өзін-өзі бағалау қорытындылары колледждің педагогикалық кеңесінде талқыланды (хаттама №4, 30.12.2022ж.).

1. «ОРАЛ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ» МЕКЕМЕСІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Колледждің атауы: «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесі

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 108-үй

Телефоны: 8 (7112) 51 30 96

Факс: 8 (7112) 51 30 96

Электронды пошта: ugtk_108@mail.ru

Web-сайт: www.ugtk.edu.kz

Оқу орнының ашылған жылы: 1998 жыл - Орал педагогикалық колледжі

Оқу орнының аталуының өзгеруі: 2007 жыл - «Орал гуманитарлық-техникалық колледжі» мекемесі

«Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесі жас та болса өзіне жоғары талап қоя білетін, 24 жылдық тарихы бар, ҚР БжҒМ ТжКББ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарына сай ТжКББ бағдарламаларын жүзеге асырушы оқу орны.

Сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ауыл жастары, аз қамтылған және көп балалы отбасының балаларына арнайы орта білім беруге мүмкіндік беру мақсатында 1998 жылдың 6-шілдесінде п.ғ.д., профессор Құрманалина Шалқыма Хайроллақызының бастамасымен «Орал педагогикалық колледжі» МЕМ құрылып, педагогикалық мамандықтар бойынша маман даярлау қызметін жүзеге асырды. 2007 жылдың 21-қыркүйегінде колледждің БҚО бойынша әділет департаментіне қайта тіркелуіне байланысты атауы «Орал гуманитарлық-техникалық колледж» (бұдан әрі – Колледж) мекемесі деп алмастырылып, бейінін өзгертті.

Колледж басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі - Л.Ж.Утарбаева жалғыз құрылтайшының 2016 жылғы 24 тамыздағы №1 шешімі бойынша 2016 жылғы 25 тамыздан баста атқарушы директор қызметін атқаруда.

Колледж заңды тұлға статусына ие, коммерциялық емес ұйым болып есептеледі және техникалық және кәсіптік білім беру мамандарын даярлау қызметін жүзеге асырады. Колледждің негізгі құрамын ауылдық жерден келген, аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан келген студенттер құрайды.

Колледж құрылған алғашқы жылында сақталған мәліметтер бойынша студенттер құрамы 626 адамды, инженерлік-педагогикалық қызметкерлер – 57 штаттық бірлікті және 5 қосымша қызметкерді құраған. 2002 жылы 640 орта буын мамандары алғаш рет колледжден қанат қақты.

Көптеген маңызды және жарқын шараларға қатысу колледждің даму игі әсерін тигізді:

2003-2006 жж. – жыл сайын «Ең үздік жыл колледжі» облыстық байқауының қатысушысы;

2004 жылы - III «Қазақстан және ТМД елдерінің білімді ақпараттандыру» халықаралық форумының қатысушысы;

2006 жылы - IV «Қазақстан және ТМД елдерінің білімді ақпараттандыру» халықаралық форумы қатысушысы;

21.09.2007 жылы – Колледж Батыс Қазақстан облысы бойынша әділет департаментіне қайта тіркелуіне байланысты атауы «Орал гуманитарлық-техникалық колледж» мекемесі деп өзгертіліп, профилін өзгертті.

31.07.2008 жылы – білім беру қызметін жүргізуге арналған мемлекеттік лицензия алынып, келесі педагогикалық және техникалық мамандықтар бойынша кадр даярлау жалғастырылды:

1. 0204002 – «Әлеуметтік іс»
2. 0301002 – «Мектепте дейінгі тәрбие»
3. 0306002 – «Қазақ тілі және әдебиеті»
4. 0307002 – «Мемлекеттік тілде оқымайтын мектептердегі қазақ тілі және әдебиеті»
5. 0308002 – «Орыс тілі және әдебиеті»
6. 0310002 – «Дене тәрбиесі»
7. 0313002 – «Кәсіптік оқыту (сала бойынша)»
- 8.0314002 – «Бастауыш жалпы білім беру»
 - 0314012 – «Бастауыш мектептің мұғалімі»
 - 0314022 – «Бастауыш мектептің информатика мұғалімі»
 - 0314032 – «Бастауыш мектептің шетел тілі мұғалімі»
9. 0315002 – «Бейнелеу өнері және сызу»
10. 0316002 – «Шетел тілі»
11. 0318002 – «Технология»
12. 0322002 – «Саздық білім беру»
13. 0819002 – «Шаштараз өнері мен сәндік косметика»
14. 0824002 – «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану»
15. 0829002 – «Қонақ үйлерде және туристік кешендерде қызмет көрсетуді

ұйымдастыру»

16. 3703002 – «Есептеу машиналары, кешендері, жүйелері мен тораптары»

17. 3704002 – «Ақпараттарды өңдеу мен басқарудың (әр сала бойынша) автоматтандырылған жүйелері»

Жаңа мамандықтар бойынша білім беруді жүзеге асыру үшін колледжде шаштараз кабинеті, қонақ үй кабинеті, есептеу машиналарына арналған, 10 жаңа компьютермен жабдықталған оқу лабораториясы, компьютерлік құрылғылар мен көшірме аппараттарын жөндеуге арналған лаборатория ашылды.

2008 жылы – ҚР СТ ИСО 9001-2001 «Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар» сәйкестік сертификатына ие болды.

2008 жылы - «Білім беруде АКТ-ны қолдану» облыстық байқауына қатысты.

2009 жылы – «Үздік кәсіптік-техникалық оқу орны» облыстық байқауында жүлделі ІІІ орынға ие болды.

2010 жылы - «Балапан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жолында колледж жанынан 50 орындық шағын орталық ашылып, бүгінгі күні ол «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге практика базасы болып табылады.

2012 жылы – ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банк ұйымдастырған «Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде колледж құрылтайшысы мен оқытушылары ТЖКБ-нің 0101000 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 0103000 «Дене тәрбиесі және спорт», 0105000 «Бастауыш білім беру», 0111000 «Негізгі орта білім», 0104000 «Кәсіптік оқыту» мамандықтары бойынша 5 кәсіптік стандарт жасақтады.

2013 жылы – ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банк ұйымдастырған «Техникалық және кәсіптік білім беруді жаңғырту» жобасы шеңберінде (19.12.2013 жылғы хаттама) колледж «Кәсіптік стандарт негізінде техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары мен пәндері бойынша үлгілік оқу жоспары мен бағдарламаларын жасақтау әдіснамасын» жасақтауға қатысты.

Колледждің 20 жылдық даму жолында 3 мәрте (2003, 2010, 2015 жылдар) мемлекеттік аттестациядан өтіп, 2015 жылдың сәуір айында және 2020 жылдың желтоқсан айында институционалдық аккредитациядан өтіп, куәлікке ие болды.

2014-2015 оқу жылы «Шаштараз өнері мен сәндік косметика» мамандығының 3-курс студенті Пекшева Александра жұмысшы мамандықтар арасындағы «Worldskills» облыстық кәсіптік шеберлік байқауының жүлдегері атанды. Атырау қаласында өткен Ұлттық чемпионатқа қатысып жүлделі ІІ орынға ие болды.

2015-2016 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 3-курс студенті Кажғалиева Дайана «Worldskills» облыстық чемпионатында І орынға, 2016 жылдың 12-15 қыркүйек күндері Астана қаласында өткен Ұлттық чемпионатта жүлделі ІІІ орынға және Түркияда кәсіптік тәжірибе алмасуға арналған сертификатқа ие болды.

«WorldSkills Oral – 2019» аймақтық чемпионатына колледждің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша студенттері Тұрсынова Айгерім Арманқызы, Қуандықова Рамила Ерболатқызы, Шайдулліева Дина Исатаевна, Арыстанғали Шынар Құмарқызы қатысып, қорытындысы бойынша 1-орынды Тұрсынова Айгерім, 3-орынды Қуандықова Рамила, «Үздік маман» номинациясын Шайдулліева Дина қанжығалады. Тұрсынова Айгерім осы жылы «WorldSkills Kazakhstan – 2019» ұлттық чемпионатына қатысып келді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №208 «Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие үрдісіне «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын кіріктіру бойынша пилоттық жобаны ендіру туралы» бұйрығына сай колледж 2017-2020 оқу жылдары аралығында республика бойынша пилоттық білім беру ұйымы болып тағайындалып, жұмыстанды. 2021 жылдан бастап колледж «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша негізгі білім беру ұйымы болып табылады.

Колледж 2017 жылы «Ұлттық ақпараттандыру орталығы» АҚ-мен оқытушылардың біліктілігін көтеру, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы студенттердің әдістемелік дайындығын арттыру және «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті» РМК-мен білім беру процесін, педагогикалық кадр даярлау мазмұнын жетілдіру мен жаңарту бағытында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, жұмыстанып келеді.

Сонымен қатар, колледж 28.09.2018 жылдан бастап Ресейдің Самара облысының «Поволжск мемлекеттік колледжімен», 01.09.2020 жылдан бастап Ресейдің «Самара әлеуметтік-педагогикалық колледжімен», 01.09.2020 жылдан бастап М.Жұмабаев атындағы жоғары колледжімен өзара ынтымақтастық туралы келісім бойынша жұмыс жасауда.

Колледж қабырғасында жыл сайын 500-ге жуық студент білім алса, 100-ден астам жас түлек маман иесі атанып еңбек нарығына жолдама алады.

Ұлттық экономиканың қозғалыс күші болып табылатын ең атақты кәсіпорындар мен білім беру мекемелерін анықтау үшін дәстүрлі жүргізілетін мониторинг бойынша колледж ҚР орта кәсіпорындар субъектілері категориясының «Жиынтық номинациясы» өлшемінде 100 үздік мекеме ішінен (алтын) табылып, 2015 жылы «Сала көшбасшысы», 2016 жылы «Білім беру үздігі», 2018 жылы «Жыл көшбасшысы», 2019 жылы «Сала көшбасшысы» ұлттық сертификаттарымен және қабырға медалдерімен марапатталды.

Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері мен түлектері облыс, республика, азия және халықаралық спорттық жарыстарда жүлдегер атанып, Қазақстан Республикасының Туын көкке көтеріп жүр.

Колледж Миссиясы: колледждің жалпыадамзаттық құндылықтар мен тұрақты дамуына бағытталған тұлғаны, орта буындағы кәсіби құзыретті, функционалды-сауатты

мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Болжам: колледж Білім беруде озат әдістер мен технологияларды шебер пайдаланатын, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, орта буынның бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарын даярлайтын Қазақстанның ТЖКБ жүйесін дамытудың көшбасшы практикаға бағытталған әдістемелік орталығы болып табылады.

Миссияның қысқа нұсқасы: «Біз оқуға, оқытуға және құрастыруға үйретеміз!».

Біз ОҚУҒА үйретеміз: яғни, студенттерді белсенді ойлауға үйрету, олардың бойында білім таба білу қабілетін қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерді тәрбиелеу және студентті өмір бойы оқуға үйрету. Білім тек есте сақтау арқылы ғана емес, өз ойының күшімен алынған кезде ғана берік болады.

Біз ОҚЫТУҒА үйретеміз: болашақ мектепке дейінгі оқыту мамандарын, бастауыш және негізгі орта мектеп мұғалімдерін оқыту және тәрбиелеу бойынша колледж қызметін бағдарлау.

Біз ҚҰРАСТЫРУҒА үйретеміз: бұл студенттерді технологиямен шабыттандыруды және олардың сандық және басқа да жобаларын жасауға үйретуді білдіреді, зерттеу жүргізу, конспект құрастыруға, тест, ойын, тапсырма, тезистар, рефераттар, пікір, жарнама, эссе және т.б. Бұдан басқа, колледж қызметі креативпен байланысты техникалық мамандық кадрларын даярлауды жүзеге асырады. Бұған шаштараз (шаш үлгісін, стиль, бейнесі, имидж, жасау), технология мұғалімдері (оригами, сурет, қол өнер бұйымдары, сувинирлар, т.б мәдени бұйымдар жасақтау), музыка, информатика және «есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары кіреді.

Колледждің төмендегідей жарғылық құжаттары бар:

- заңды тұлға ретінде қайта тіркеу туралы анықтама, 21.12.2020 жыл, №10100469269145;

- колледж құрылтайшысының шешімімен бекітілген Колледж Жарғысы (08.04.2015 жылы №1472-1926-01-МЕ тіркелген);

- медициналық қызмет көрсетуге рұқсат ететін Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы 28.09.2010 жылы берген №00495DL лицензия;

- облыстық білім басқармасынан 31.07.2008 жылы берілген білім беру қызметіне рұқсат ететін мемлекеттік АБ сериалы №0036433 лицензия.

Білім беру қызметіне рұқсат ететін мемлекеттік лицензия 2021 жылдың 14 сәуірінде қайта рәсімделіп, келесідей мамандықтар мен біліктіліктерге сәйкестендірілді:

1) 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

4S01120102 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі»

2) 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт»

4S01140501 «Дене тәрбиесі мұғалімі»

3) 01140100 «Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі»

4S01140101 «Бастауыш білім беру мұғалімі»

4S01140102 «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі»

4) 01140200 «Музыкалық білім беру»

4S01140201 «Мектепке дейінгі, бастауыш және негізгі орта білім берудің музыка мұғалімі»

5) 01140400 «Өзін-өзі тану»

4S01140401 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің өзін-өзі тану мұғалімі»

6) 01140600 «Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»

4S01140601 «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі»

4S01140602 «Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі»

4S01140605 «Шетел тілі мұғалімі»

7) 01140700 «Информатика»

4S01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі»

8) 02310100 «Аударма ісі (түрлері бойынша)»

4S02310101 «Аудармашы»

9) 03220200 «Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану»

4S03220202 «Іс қағаз жүргізушісі»

10) 06130100 «Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)»

4S06130103 «Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы»

11) 09230100 «Әлеуметтік жұмыс»

4S09230102 «Әлеуметтік қызметкер»

12) 10120100 «Шаштараз өнері»

4S10120102 «Суретші-модельер»

2.КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Мемлекеттік стандарттар талабына сай білікті маман дайындауда оқытушылардың сапалық құрамы және кадрлармен жұмыстың ұйымдастырылуы үлкен роль атқарады.

Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің кадр бөлімінің жұмысы келесі нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде жүргізіледі:

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі»;

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы;

- «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №123 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы;

- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы;

- «Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығы;

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;

- «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1017 бұйрығы.

Қазіргі таңда колледжде 2022-2023 оқу жылына есептегенде қызмет атқаратын инженерлік – педагогикалық жалпы құрам саны - 48 қызметкерлер, оқытушылар – 48 (оның ішінде 35 педагог штаттық, 13 қоса атқарушы бойынша, 6 педагог декреттік демалыста.

Инженер-педагог қызметкерлердің жастық ерекшелігіне сипаттама беретін болсақ, 30 жасқа дейінгі жас оқытушылардың (8 оқытушы) үлесі аз 30-40 жас аралығында - 18, 40-

50 жас аралығында - 7, 50-63 жас аралығында - 14. Педагог кадрлардың орташа жасы – 45, қазіргі уақытта 5 зейнеткер жұмыс істейді.

Санаттар бойынша бөлінуі:

- жоғары санатты – 10;
- педагог-шебер -3;
- педагог – зерттеуші – 3;
- магистр – 7;
- педагог – сарапшы – 3;
- екінші санатты – 6;
- педагог – модератор – 5;
- біліктілік санатын иеленбегендер – 18.

Оқытушылардың сапалық құрамы: 46%.

№	Атауы	Саны (адам)	Жалпы %
1	Педагогикалық кадр саны	48	100
	Соның ішінде:		
	- ұстаздар	48	100
2	Ұстаздар (барлығы)	48	
	Соның ішінде:		
	- жоғары білімді	48	100
	- орта арнайы білімді	-	-
	-магистр	7	14,6
	- жоғары санатты	10	20,8
	-педагог-шебер	3	6,3
	-педагог-зерттеуші	3	6,3
	- 1 санатты	0	
	-педагог-сарапшы	3	6,3
	- 2 санатты	6	12,5
	-педагог-модератор	5	10,4
	- санатсыз	18	37,5

ИПҚ санаттарын талдау педагогикалық құрамның келесі сапалық сипаттамасын көрсетеді (әр оқу жылының 1 қазандағы көрсеткіші бойынша).

Колледжде оқытушылар мен персоналдың кадрлық саясаты «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығына және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы шеңберінде қамтамасыз етіліп отыр.

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық ИПҚ, оның ішінде	43	40	48
Жоғары санатты	14	15	10
Педагог- шебер	-	-	3
Педагог-зерттеуші	-	-2	3
Бірінші санатпен	5	2	0
Педагог -сарапшы	-	-1	3
ЭҒ кандидаты	1	1	1
Магистр	7	7	7

Педагог-модератор	-	1	5
Екінші санатпен	13	12	6
Санатсыз	11	12	18
ИПҚ сапалық құрамының %	44 %	38 %	46 %

2020-2021 оқу жылында инженерлік-педагогикалық қызметкерлер саны 43 адамды құрады, оның ішінде штат бойынша 34, 9-оқытушы қосымша істеушілер, 1-эфк, 7 магистр. Жоғары және бірінші санатты 19 адам бар, бұл 44% құрайды. 5 оқытушы - бала күтімі бойынша демалыста отыр.

2021-2022 оқу жылында инженерлік-педагогикалық қызметкерлер саны 40 адамды құрады, оның ішінде штаттағы оқытушылар – 34, магистрлер- 7. Жоғары және бірінші санатты – 12 адам, бұл 38,8 % құрайды. **1 – педагог – сарапшы, 2- педагог-зерттеуші, 1- педагог – модератор, 8 оқытушы - бала күтімі бойынша демалыста отыр.**

2022-2023 оқу жылында инженерлік-педагогикалық қызметкерлер саны 48 адамды құрады, оның ішінде штаттағы оқытушылар саны – 35 адам, **13- қосымша істеушілер, 1 эфк,** магистрлер – 7. Жоғары және бірінші санатты – 10 адам, 3-педагог-шебер, 3-педагог-зерттеуші, 3-педагог-сарапшы, 5-педагог-модератор - бұл 40% құрайды. **6 оқытушы - бала күтімі бойынша демалыста отыр.**

Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер туралы ақпарат

Оқу жылы	Жалпы ИПҚ саны	Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын ИПҚ саны	Пайызы
2020-2021	43	34	79
2021-2022	40	34	85
2022-2023	48	35	73

Білім беру сапасын арттыру мақсатында практика базаларынан жұмысқа шақырылған арнайы пән оқытушыларының болуы лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер санының кемуіне әкеліп отыр. Сонымен қатар, 01140200 «Музыкалық білім беру» мамандығы бойынша штаттық қызметкерлердің пайызының және сапасының төмен болуы жұмысқа біліктілігі категориямен емес, атақпен өлшенетін өнер және мәдениет, музыкалық білімі бар музыкалық колледж оқытушыларын тарту себеп болып отыр. Онымен бірге, штатта қызмет ететін арнайы пән оқытушыларының бала күтімі бойынша демалыста отыруы да өз әсерін тигізуде.

Колледждің педагог кадрларының сандық және сапалық құрамының соңғы жылдарда өзгеруі төмендегідей:

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық ИПҚ, оның ішінде	43	40	48
Жоғары санатты	14	10	10
Педагог-шебер	-	-	3
Педагог-зерттеуші	-	2	3
Бірінші санатты	5	2	0
Педагог-сарапшы	-	1	3
Магистр	7	7	7
Педагог-модератор	-	1	5
Екінші санат	13	12	6

Санатсыз	11	12	18
ИПҚ сапалық құрамының %	44%	38,8%	46%

Жасына байланысты педагогтардың жалпы санының бөлінісі төмендегідей:

Оқу жылы	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық ИПҚ, оның ішінде	43	40	48
30 жасқа дейінгі	8	8	10
	18,6%	20%	20,8%
31-45 жастағылар	22	20	22
	51%	50%	45,8%
46-60 жастағылар	10	9	11
	23%	22,5%	22,9%
60 жастан асқан	3	3	5
	6,7%	7,5%	10,4%
Орташа жасы	41	40	40

Ескерту: Кестеде әр оқу жылының 1 қазаны бойынша мәлімет берілді.

Барлық оқытушылардың сабақ беретін оқу пәндеріне сәйкес базалық кәсіптік және педагогикалық жоғары білімдері бар. Базалық білімі жоқ оқытушылар жұмыс істемейді, қазіргі уақытта бес зейнеткер жұмыс жасайды .

Колледжде оқу жүктемесі педагогикалық кеңес бекіткен оқу түрлері бойынша уақыт нормасы бойынша есептеледі. Колледж оқытушылары құрамының жылдық оқу жүктемесі 720 сағат көлемінде белгіленеді.

Соңғы 3 жылда педагог құрамның оң динамикасы байқалуда. Жұмыстан шығу себептері: өз еркімен немесе зейнетке шығуына байланысты.

Жан жақты нәтижеге бағыттала ойластырылған кадрлық саясат жұмыстары нәтижесінде педагог құрамның сандық және сапалық көрсеткіштерінің тұрақтылығын байқатады.

Әрбір инженер-педагогке негізгі ережелер, қызметкерлер құқығы мен міндеттері көрсетілген қызметтік нұсқаулықтарға сәйкес беріледі.

Жоғары педагогикалық деңгейі, нәтижелері мен өз ісін адал атқаратын колледж оқытушыларына материалды және моральды тұрғыдан ынталандыру мақсатында БҚО Білім басқармасының, басқа да білім беру мемлекеттік мекемелері тарапынан, колледжішілік алғыс хаттар мен грамоталар ҚР-ның атаулы мерекелер қарсаңында және оқу жылының қорытынды нәтижесі бойынша марапатталып отырады.

Білім беру мекемесі ұжымының моральдық-психологиялық ахуалы қалыпты деңгейде. Оқу орнының әкімшілігі еңбек тәртібінің сақталуына үлкен мән береді. Колледждің басшылық құрамын штаттық кестеге сәйкес директор, директордың оқу ісі, оқу-өндірістік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер және ПҚК жетекшілері құрайды. Әкімшілік құрамның барлығы да базалық және жоғары кәсіптік білімді мамандар. Соның ішінде 1-әфк, 2 педагог-шебер, жоғары санатты-2, бірінші санатты басшының орынбасары-1, екінші санатты басшының орынбасары-1. Басшылық құрамның орташа жасы – 46 жас.

Басшылық құрам қызметкерлердің міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, жұмысшылар қызметтері мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, қызметшілер қызметтерінің біліктілік анықтамалығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары» және басқа да нормативтік құжаттар негізінде жасалған қызметтік нұсқаулықпен анықталады.

Атқарушы директор – Утарбаева Ляззат Жетебаевна, 1997 Батыс Қазақстан аграрлық университетін бітіріп, АӨК кәсіпорындарының экономист-менеджері мамандығын алып шыққан. 2010 жылы БҚ гуманитарлық академиясының екі шетел тілі мамандығы бойынша шетел тілдерінің бакалавры. 2011 жылы экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды. 2021 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының толық мүшесі болып сайланды. Жалпы еңбек өтілі - 24 жыл. Педагогикалық еңбек өтілі – 10 жыл, экономика негіздері пәнінің оқытушысы. Еңбек жолы: 1998 – 2006 жылдар БҚО электр желісін тарату компаниясында АҚ «Оралэнерг» экономист болып жұмыс істейді. 2012 жылы Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің стратегиялық даму директоры, 2016 жылдың 25 тамызынан бастап атқарушы директор міндетін атқарып келеді.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары - Сагидуллина Асима Муратовна, 2005 жылы Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжін аяқтап, еңбек жолын лаборант қызметінен бастады. 2011 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқуға түсіп математика мамандығы бойынша білім бакалавры, 2015 жылы сол университеттің математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі. Бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары және математика пәнінің педагог-шебер оқытушысы. Еңбек өтілі – 17 жыл. Еңбек жолы: 2005 -2009 жылдар Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінде оператор және электр оқу залының меңгерушісі. 2015-2017 жылдары директордың ақпараттық технологиялар жұмысы жөніндегі орынбасары. 2017 жылдың 18 қыркүйегінен бастап Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, 2019 жылдың 02 мамырынан директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарып келеді.

«Техникалық және кәсіптік білімді дамыту және біліктілікті берудің республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» АҚ-ның «Құрмет» грамотасы, 2018 жыл; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс хаты, 2018 жыл; ҚР-ғы Ұлттық бизнес рейтингі ұйымдастыру комитетінің «Ерекше жетістіктері үшін» медалі, 2019 жыл; «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Батыс Қазақстан облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Құрмет грамотасы, 2021 жыл. ҚР білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін ҚР БЖҒМ алғыс хатымен марапатталған.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары – Отарбай Айнұр Жетіруқызы, 2000 жылы Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжін аяқтап, еңбек жолын сол колледжде бастайды, 2003 жылы БҚМУ бітіріп, педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығын алып шыққан. Еңбек өтілі - 22 жыл. Жоғары санатты тәрбие жұмысы әдістемесі пәнінің оқытушысы. Еңбек жолы: 2000-2018 жылдары Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің тәрбие жұмысының әдістемесі пәнінің оқытушысы. 2020 жылғы 25 тамыздан бастап Орал гуманитарлық-техникалық колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетін атқарып келеді. 2012 жылы еңбегі үшін Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары - Шотова Галия Садуақасовна, лауазымы бойынша екінші біліктілік санаты бар. Психология пәнінің педагог-шебер оқытушысы. 1998 жылы мемлекеттік Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің психология және қолданбалы әлеуметтану мамандығын бітіріп, әлеуметтік психология маманы болып шыққан. Жалпы жұмыс өтілі - 29 жыл, педагогикалық жұмыс өтілі - 26 жыл. Еңбек жолы: 1993-1996 жылдары Орал қаласы «Зенит» заводы укладчик, «Автомобилист» санаторий-профилакторийде хатшы, 1996-1998 жылдар №3 ЖОББМ мұғалім; 2002 жылдан бастап Ж.Досмұхамедов атындағы пед

колледжінде және Орал гуманитарлық-техникалық колледжінде педагогика және психология пәндерінің оқытушысы. 2018 жылдың 12 қарашасынан бастап қазіргі уақытқа дейін директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары. 2019 жылы БҚО Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталды, 2020 жылы ҚР БжҒМ ҚР білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін Алғыс берілді.

Әдіскер – Нурмукашова Майра Сагинғалиевна, 1986 жылы А.С.Пушкин атындағы «Құрмет белгісі» орденді Орал педагогикалық институтын бітіріп, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. 2013 жылы БҚ инженерлік-гуманитарлық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесіне ие болды. Еңбек өтілі – 43 жыл, жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы. 2021 жылы бірінші біліктілік санаты бойынша лауазымы тәрбие ісі жөніндегі басшының орынбасары алған. Еңбек жолы: 1979 – 1980 жылдары Батыс Қазақстан облысы, Восход совхозына жұмысшы болып істеген. 1981-1986 жылдары студент. 1986-1991 жылдары №32 орта мектебінде қазақ тілінің мұғалімі. 1991-1995 сол мектептің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары; 2001-2013 жылдар аралығында Орал гуманитарлық-техникалық колледжінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы; 2013-2016 жылдары директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары; 2016-2017 жылдары Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; 2017-2022 жылдары Орал «Сервис» технологиялық колледжінде директордың оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, 2020 жылы тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына ауыстырылған. 2022 жылғы 21 ақпаннан Орал гуманитарлық – техникалық колледжінің әдіскер міндетін атқарып келеді. 2013 жылы білім беру жүйесіндегі педагогикалық шеберлігі, шығамашылық ізденісі және өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін БҚО Білім басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Колледждің әкімшілік-басқарушылық құрамы мен педагогтар құрамының еңбек қызметі ҚР Білім заңы, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарттарын жасау арқылы жүзеге асырылады. ӘБ отырыстарында жеке еңбек шартына сәйкес қызметкерлердің функционалды қызметтік міндеттерінің орындалуы қаралады. Функционалды міндеттерін толық орындамаған жағдайда, еңбек тәртібін бұзған жағдайда акт толтыру негізінде ескерту, сөгіс жарияланады. Сонымен қатар функционалды міндеттерін сапалы атқарғаны үшін, айлық, жылдық қорытынды бойынша колледжішілік ғылыми-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда белсенділік көрсеткен қызметкерлерге алғыс жарияланады. Облыстық, аудандық және колледж ішіндегі алғыс хаттар, сыйлықтармен марапатталады.

Оқу орнында қатаң есепке алынған құжаттар 2020 жылға дейін Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығына сәйкес жүргізілген. 2020 жылдан бастап Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес, ал 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілуде.

Колледжде педагогтардың кәсіптік құзырлықтарын арттыру біліктілікті жоғарылату есебінен қамтамасыз етіледі. Біліктіктерін жоғарылату бойынша тақырыптық семинарлар, консультациялар, педагогикалық шеберлік мектептері, жаңа оқыту технологиялары сияқты курстық дайындықтан өтеді, магистратураға түсу және санатын көтеру бағытында

жұмыстану арқылы жүзеге асырылады. Оқытушылардың кәсіби біліктілігі мен олардың білім беру технологияларын игеру сапасына жоғары талап қойылады.

Колледж оқытушыларының білімін арттырудың перспективті жоспары талқыланып педагогикалық кеңесте бекітіледі. Оқытушылардың біліктіліктерін арттыру Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығында, Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы. Білім беруді дамыту орталығында, «ТАЛАР» КЕАҚ, т.б. жүргізіледі.

Педагогикалық ұжым және көмекші қызметкерлер колледж миссиясын қамтамасыз ету үшін басты ресурс болып табылады. Жоғары білікті оқытушы және қосымша персоналды жинақтаудың процедураларында тұрақтылықты қамту және өсу көрсетілген. Штаттағы барлық оқытушылар жыл сайынғы тұрақты оқу жүктемесімен қамтамасыз етіліп, кәсіби қызметінің нәтижелігіне байланысты лауазымдық өсуге жағдайлар жасалған.

Жүргізіліп отырған оқу-әдістемелік жұмыс оқытушылардың мамандықтар мен біліктіліктер бойынша тағылымдамадан өтуі, біліктілік арттыру, халықаралық, республикалық конференцияларға қатысу сияқты негізгі бағыттарға сай жүргізіледі. Келесі кестеде оқу жылдары бойынша колледж оқытушыларының аттестациядан өту динамикасы туралы сандық мәліметтер келтірілген.

2020-2021 оқу жылында оқытушылардың аттестациядан өту динамикасы:

Оқу жылы	Оқытушылардың саны	Педагог зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог модератор	Барлығы	Пайызы
2020-2021	43	2	1	1	4	6,9

Аттестациядан өткен оқытушылардың тізімі

№	Аты-жөні	Пән атауы
Педагог-зерттеуші		
1	Косбаева К.К.	Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы
2	Джаксымбетова А.Н.	Ағылшын тілі пәні оқытушысы
Педагог –сарапшы		
1	Мажитов Е.Б.	Дене тәрбиесі пәні оқытушысы
Педагог –модератор		
1	З.М.Меңдіханова	Колледж жанындағы шағын орталық тәрбиешісі

2021-2022 оқу жылында колледж басшыларының аттестациядан өту динамикасы

Оқу жылы	Басшы, орынбасарларының саны	1-санатты басшы	1-санатты басшының орынбасары	2-санатты басшының орынбасары	Барлығы	Пайызы
2021-2022	1/ 3	-	1	1	2	50

Аттестациядан өткен басшы орынбасарлары

№	Аты-жөні	Пән атауы
Басшының бірінші санатты орынбасары		
1	Сагидуллина А.М.	Басшының оқу ісі орынбасары
Басшының екінші санатты орынбасары		
1	Шотова Г.С.	Басшының оқу-өндірістік ісі орынбасары

Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы «24» желтоқсандағы №934 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес Сагидуллина Асима Муратовнаға бірінші біліктілік санатты басшының орынбасары, Шотова Галия Садуақасовнаға екінші біліктілік санатты басшының орынбасары біліктілігі берілді. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Отарбай Айнұр Жетіруқызы 80-тармақ көрсеткіштеріне сәйкес емес деп танылды. (жыл өтілі жетіспегедіктен)

Колледж атқарушы директоры Утарбаева Л.Ж. тәжірибені жалпылау материалдары дайын болғанымен, ұлттық біліктілік тестілеу орталығының колледж басшыларына арналған ұлттық біліктілік тестілеуінде орын болмай, ашылмағандықтан, тестілеуге қатыса алмады. 2022-2023 оқу жылына ұлттық біліктілік тестілеуге өтініш беру жоспарланып отыр.

2021-2022 оқу жылында оқытушылардың аттестациядан өту динамикасы

Оқу жылы	Оқытушылардың саны	Педагог-шебер	Педагог зерттеуші	Педагог сарапшы	Педагог модератор	Барлығы	Пайызы
2021-2022	40	3	1	1	2	7	12,5

2021-2022 оқу жылында аттестациядан өткен оқытушылар

№	Аты-жөні	Пән атауы
Педагог-шебер		
1	Сагидуллина А.М.	Математика пәні оқытушысы
2	Кужахметова А.Б.	Дене тәрбиесі оқытушысы
2	Шотова Г.С.	Педагогика, психология пәні оқытушысы
Педагог -зерттеуші		
1	Курманалина Ж.Х.	іс жүргізу пәні оқытушысы
Педагог -сарапшы		
1	Сралиева В.А.	Педагогика, психология пәндері оқытушысы
Педагог –модератор		
1	Виктор А.Қ	Дене тәрбиесі оқытушысы
5	Каримова А.Н.	Колледж жанындағы шағын орталық тәрбиешісі

Облыстық білім басқармасының 2021 жылғы «24» желтоқсан №933 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес өтініш берілген біліктілік санаттары берілді. 2021 жылғы «24» желтоқсан №933 бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес Коңарова Бекзат Бактиғалиевна өтініш берген педагог-сарапшы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылды. Сонымен

қатар, директор орынбасарлары келесі кесте бойынша басшы орынбасары біліктілік санаттарына өтініш беріп, құжаттарын тапсырды. Аттестаттаудың бірінші кезеңінде ұлттық тестілеуден тиісті балл жинай алмаған оқытушыларға педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес келесі кезеңге дейінгі аралықта біліктілік санаттары бір сатыға төмендетілді. Ұлттық біліктілік тестілеуінде музыка пәні оқытушысы А.Р.Идрисова 66, 58 балл жинап, тестілеуден өтпей қалды. Әдіскер А.Сагидуллинаның қызметтік хат негізінде А.Р.Идрисованың біліктілік санаты «педагог» санатына төмендетілді. (Бұйрық №1, 11.01.2022ж)

2022-2023 оқу жылында оқытушылардың аттестациядан өту динамикасы (жоспар)

Оқу жылы	Оқытушылардың саны	Педагог зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог модератор	Барлығы	Пайызы
2021-2022	48	3	-	5	8	

2022-2023 оқу жылына өз біліктілігін көтеруге оқытушылардың өтініштері (жоспар)

№	Білім беру ұйымының атауы	Аттестатталушының Т.А.Ә.	Лауазымы	Міндетті /мерзімінен бұрын	Қолда бар біліктілік санаты, жылы	Өтініш берілген біліктілік санаты
1	Орал гуманитарлық - техникалық колледжі	Утегенова Набира Акылбековна	Қазақстан тарихы пәні оқытушысы	мерзімнен бұрын	жоғары, 2019ж	педагог-зерттеуші
2		Мазгутова Дина Ербулатовна	химия/биология	міндетті	жоғары санат, 2017ж	педагог-зерттеуші
3		Отарбай Айнұр Жетіруқызы	тәрбие жұмысы әдістемесі пәні оқытушысы	міндетті	жоғары санатты, 2014ж	педагог-зерттеуші
4		Идрисова Алма Рахатовна	музыка пәні оқытушысы	міндетті	педагог	педагог-модератор
5		Жарманова Данагуль Амиргалиевна	ағылшын тілі пәні оқытушысы	міндетті	педагог	педагог-модератор
6		Хабиев Абай Максотович	Дене тәрбиесі пәні оқытушысы	міндетті	жоқ	педагог-модератор

			сы			
7	Шағын орталық	Табылова Динара Қуанышқызы	тәрбиеші	міндетті	санатсыз, 2020	педагог-модератор
8	Шағын орталық	Табылова Ақбота Қуанышқызы	тәрбиеші	міндетті	санатсыз, 2016	педагог-модератор

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін жоғарлату бойынша ақпарат

№	Оқытушының аты-жөні	Біліктілік санаты	Алған жылы
1.	Утарбаева Ляззат Жетебаевна	экономика ғылымының кандидаты	2010
2.	Сагидуллина Асима Муратовна	педагог-шебер	2021
3.	Шотова Галия Садуакасовна	педагог-шебер	2021
4.	Отарбай Айнұр Жетіруқызы	жоғары	2015
5.	Муканова Альфия Асхаровна	екінші	2020
6.	Курманалина Жаннат Хайруллаевна	педагог-зерттеуші	2021
7.	Рахметова Майра Витальевна	екінші	2015
8.	Нурмукашова Майра Сагингалиевна	жоғары	2016
9.	Ізбасаров Мейіржан Ержанұлы	-	-
10.	Ақбулатова Сайра Бериковна	жоғары	2018
11.	Косбаева Кунзия Кабидуллаевна	педагог-зерттеуші	2021
12.	Джамбаева Ағылпа Бикетовна	жоғары	2016
13.	Жарманова Данагуль Амиргалиевна	-	-
14.	Спашева Нургуль Ганиматовна	жоғары	2018
15.	Сралиева Венера Амангелдиевна	педагог-сарапшы	2021
16.	Қуанышева Айару Ербулатовна	педагог-модератор	
17.	Утегенова Набира Ақылбековна	жоғары	2019
18.	Мазгутова Дина Ербулатовна	жоғары	2017
19.	Мукашева Гульзар Адильбековна	-	-
20.	Айталиева Ақгулим Есенгельдиевна	-	-
21.	Идрисова Алма Рахатовна	педагог	2022
22.	Шналиев Жанат Сагатович	екінші	2019
23.	Шналиев Сагат Узакбаевич	екінші	2019
24.	Бекешева Жамиля Руслановна	-	-
25.	Қанатқалиева Ақбота Нұрболатқызы	-	-
26.	Кужахметова Асель Биржановна	педагог-шебер	2021

27.	Мажитов Еркебулан Беккалиевич	педагог-сарапшы	2021
28.	Виктор Айболат Қайсарұлы	педагог-модератор	2021
29.	Хабиев Абай Максұтович	-	-
30.	Насыров Бауыржан Ақболатұлы	-	-
31.	Еслямғалиева Индира Нурумғалиевна – декреттік демалыста	екінші	2014
32.	Төлеутаева Арай Ғарифоллақызы – декреттік демалыста	екінші	2018
33.	Туенбекова Бақытгүл Жетіруқызы – декреттік демалыста	-	-
34.	Алмағамбет Алтынай Армановна – декреттік демалыста	-	-
35.	Қадырғалиева Гульдана Берікқызы – декреттік демалыста	екінші	2017

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін жоғарлату 68 пайызды көрсетіп отыр.

Қазіргі таңда біліктілік санаты жоқ оқытушы Б.А.Насыров, Г.А.Мукашева педагогикалық салада алғашқы жылы жұмыс жасап отыр. А.М.Хабиев, Д.А.Жармановалар 2022-2023 оқу жылында жоспарлы өтініштерін бергенімен, тестілеу ашылмай, қатыса алмай отыр. Б.Ж.Туенбекова мен А.А.Алмағамбеттер 3 жылға дейінгі бала күтіміне байланысты демалыста отыр. М.Е.Ізбасаров, А.Айталиева жас маман болғандықтан әлі күнге дейін өтініш бермеді. Бекешева Ж.Р. декреттік демалыстан шықты.

Колледжде 2020-2021 оқу жылында 1 экономика ғылымдарының кандидаты – Л.Ж.Утарбаева, 7 магистр (А.М.Сагидуллина, А.А.Жумашева, Б.Б.Конарова, К.Т.Қашқынбай, Ж.Г.Утеуов, А.О.Ералиева, В.А.Сралиева) қызмет етті.

№	Аты-жөні	Лауазымы, атағы	Жүргізетін пәні
1	Л.Ж.Утарбаева	Колледж басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты	Экономика және менеджмент пәні оқытушысы
Магистрлар			
1	А.С.Сагидуллина	Математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, 2015 ж	Математика пәні оқытушысы
2	А.А.Жумашева	Тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, 2012 ж	Тарих пәні оқытушысы
3	Б.Б.Конарова	Педагогика және психология мамандығы бойынша білім магистрі, 2017 ж	Педагогика мен психология пәндері оқытушысы
4	К.Т.Қашқынбай	Дене тәрбиесі магистрі, 2019 ж	Дене тәрбиесі пәні оқытушысы
5	Ж.Г.Утеуов	Дирижерлау өнер магистрі, 2012 ж	Жеке аспапта

			орындау пәні оқытушысы
6	А.О.Ералиева	Педагогика және психология магистрі, 2012 ж	Информатика пәні оқытушысы
7	В.А.Сралиева	Психология ғылымдарының магистрі, 2019 ж	Педагогика мен психология пәні оқытушысы

2021-2022 оқу жылында 1 экономика ғылымдарының кандидаты – Л.Ж.Утарбаева, 7 магистр (А.М.Сагидуллина, А.А.Жумашева, Б.Б.Конарова, Ж.Г.Утеуов, Р.Ж.Қуаншалиева, В.А.Сралиева, М.В.Рахметова) қызмет етті.

№	Аты-жөні	Лауазымы, атағы	Жүргізетін пәндері
1	Л.Ж.Утарбаева	Колледж басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты	Экономика және менеджмент пәні оқытушысы
Магистрлар			
1	А.С.Сагидуллина	Математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, 2015 ж	математика пәні оқытушысы
2	А.А.Жумашева	Тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі, 2012 ж	тарих пәні оқытушысы
3	Б.Б.Конарова	Педагогика және психология мамандығы бойынша білім магистрі, 2017 ж	педагогика және психология пәндері оқытушысы
4	Р.Ж.Қуаншалиева	Музыкалық білім магистрі, 2011 ж	дауыс қою пәні оқытушысы
5	Ж.Г.Утеуов	Дирижерлау өнер магистрі, 2012 ж	жеке аспапта орындау пәні оқытушысы
6	М.В.Рахметова	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2020 ж	педагогика және психология пәні оқытушысы
7	В.А.Сралиева	Психология ғылымдарының магистрі, 2019 ж	педагогика мен психология пәні оқытушысы

2022-2023 оқу жылында 1 экономика ғылымдарының кандидаты және Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі – Л.Ж.Утарбаева, 6 магистр (А.М.Сагидуллина, Ж.Г.Утеуов, Р.Ж.Қуаншалиева, В.А.Сралиева, М.В.Рахметова, Г.Султанова) қызмет етті.

№	Аты-жөні	Лауазымы, атағы	Жүргізетін пәндері
1	Л.Ж.Утарбаева	Колледж басшысы, экономика ғылымдарының кандидаты Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі	Экономика және менеджмент пәні оқытушысы
Магистрлар			
1	А.С.Сагидуллина	Математика мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі,	Математика пәні оқытушысы

		2015 ж	
2	Г. Султанова	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу магистрі, 2018 ж	мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу әдістемесі
3	В.А.Сралиева	Психология ғылымдарының магистрі, 2019 ж	Педагогика мен психология пәні оқытушысы
4	Р.Ж.Қуаншалиева	Музыкалық білім магистрі, 2011 ж	Дауыс қою пәні оқытушысы
5	Ж.Г.Утеуов	Дирижерлау өнер магистрі, 2012 ж	Жеке аспапта орындау пәні оқытушысы
6	М.В.Рахметова	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2020 ж	Педагогика және психология пәні оқытушысы

